

Мамандық бойынша тест: 2-пән

1. Сот сарапшысының құқығы жоқ
 - A) объектілердің сыртқы түрінің немесе негізгі қасиеттерінің өзгеруіне алып келуі мүмкін зерттеулер жүргізуге
 - B) процеске қатысушылармен сараптамасын жүргізуге байланысты мәселелер бойынша келіссөздер жүргізуге
 - C) сот сараптамасы нысанасына қатысты сұрақтар қоюға
 - D) орындалған жұмыс үшін сыйақы алуға
 - E) қорытындысына енгізілуге жататын ескертулер жасауға
 - F) зерттеу үшін материалдарды өзі дербес жинауға
 - G) өтінішхаттарды мәлімдеуге
 - H) сот сараптамасының нысанасына қатысты іс материалдарымен танысуға

2. Габитоскопиядан сараптамалық зерттеу үшін жақыннан криминалистикалық суретке түсірудің әдістері
 - A) сигналитикалық
 - B) панорамалық
 - C) шолып түсіру
 - D) репродуктивтік
 - E) микротүсіру
 - F) тану үшін алдынан және жанынан

3. Азаматтық істер бойынша сот сараптамасы тағайындалады
 - A) айыпкердің өтініші бойынша
 - B) азаматтық талапкердің өтініші бойынша
 - C) прокурордың инициативасы бойынша
 - D) аудармашы мен адвокаттың талабы бойынша
 - E) қылмыстың жәбірленушісі талабы бойынша
 - F) азаматтық жауапкердің өтініші бойынша

4. Сот сараптамасын жүргізу кезінде қарастырылатын белгілер
 - A) қайталанбалы
 - B) бастапқы
 - C) алғашқы
 - D) кейінгі
 - E) жалпы
 - F) жеке

5. Азаматтық істер бойынша сот сараптамасын жүргізуі мүмкін

- A) өз еркімен бастама білдірген кез келген адам
- B) прокурор және судья
- C) лицензия негізінде сот-сараптама қызметін жүзеге асыратын адамдар
- D) азаматтық талапкер
- E) сот сараптама органының қызметкерлері, заң талаптарына сәйкес бір жолғы тәртіппен өзге адамдар
- F) лицензия негізінде қызмет атқаратын адвокат және нотариус

6. Сот сараптамасын жүргізу үшін қажетті үлгілер бөлінеді:

- A) қарапайым
- B) зерттеулік
- C) ғылыми
- D) эксперименттік
- E) еркін
- F) жасырын

7. Сот-сараптамалық зерттеулерді жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдарды, қолдануға жол беріледі

- A) заңда тікелей көзделсе немесе олардың нормалары мен қағидаттарына қайшы келмесе және қауіпсіз болса
- B) сарапшының өз еркімен анықталады
- C) ғылыми жағынан дәлелді болса, іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін болса
- D) заңда көзделмеген жайдайларда және апробациядан өтпесе
- E) рұқсат берілмеген құралдар мен әдістер қатарына жатса
- F) заңда көрсетілмесе

8. Қосымша сараптама тағайындалады

- A) алдыңғы зерттеумен байланысты қосымша мәселелерді шешу қажеттілігі туындаған кезде
- B) тергеушінің еркі бойынша кез келген уақытта тағайындала береді
- C) алдыңғы сараптама объектілері дұрыс зерттелмесе, қайта сараптама өткізу туралы шешім қабылданса
- D) екі не одан да көп сарапшы бір объектіні зерттеумен айналысса
- E) алдыңғы сараптама аяғына дейін жеткізідмесе
- F) сарапшының қорытындысы жеткілікті түрде анық болмаған кезде

9. Сарапшы өзінің лицензиясынан айрылуы мүмкін

- A) аттестаттау нәтижелері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі
- B) адам сот-сараптама қызметін жүзеге асыру кезінде ҚР заңнамасын бірнеше рет бұзған
- C) тәртіптік теріс-қылық үшін
- D) ауыр дертке шалдықса
- E) жоғары заң білімі болмаса
- F) өз қызметін ғылыми және педагогикалық қызметпен үйлестірсе

10. Жол-көлік оқиғасы орын алғанда тағайындалуы мүмкін сараптамалар түрі

- A) суық қаруды зерттеу
- B) сот транспортық- трасологиялық зерттеу
- C) сот молекулалық-генетикалық
- D) сот биологиялық
- E) сот автотехникалық зерттеу
- F) жол-көлік оқиғаларын зерттеу
- G) сот экономикалық
- H) сот баллистикалық